

Педагогикалық кеңес

Хаттама №1

Күні: 03.09.2021 ж

Қатысқаны: 8

Қатыспағаны: 1

Күн тәртібінде

1. Жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларының қорытынды есебі
2. 2021-2022 оқу жылындағы балабақша қызметінің негізгі бағыттары.
3. Қазақстан Республикасы үкіметінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 қаулысымен бекітілген «мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандарты және Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігінің №557 бұйрығына енген өзгерістер мен оқу үлгілік бағдарламасы бойынша 2021-2022 оқу жылына арналған оқу-тәрбие жұмысының жоспары мен күн тәртібі, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесін бекіту.

Тыңдалды

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша балабақша меңгерушісінің уақытша міндетін атқарушы Қ.Т.Исаева сөз алып, педагогтарды жаңа оқу жылымен құттықтады. Педагогтардың сапалық тізіммен таныстырды. Әдіскер-1, меңгеруші декреттік демалыста, 6 тәрбиеші. Әр тәрбиешінің қай топта жұмыс жасайтынын атап айтты. Жаңа оқу жылының жаңа қарқынымен кірісулерін нақтылап айтты. Одан кейін үлгілік оқу бағдарламасы, жаңа әдістемелік нұсқау хат ондағы өзгерістер, бұйрықтармен таныстырды.

Жаңа оқу жылының перспективалық жоспары, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі, осы үлгілік жоспар бойынша жасалып, бекітілді. Оқу кестесі, оқу жүктемесі, күн тәртібі бекітіліп таратылды. 2021-2022 оқу жылының жылдық міндетіне «Таным», «қатынас» салаларын алдық. Осы екі сала бойынша ашық ұоқ-і қойылды.

Мақсаты: Танымдық зерртеу және құрылымдық іс-әрекет арқылы тәрбиеленушілердің парасаттылық-шығармашылық және тілдік қабілеттерін дамыту. Ойын арқылы тәрбиеленушілердің парасаттылық-шығармашылық мәдениетін дамыту. Сөздік қорын, дыбыстық

мәдениетін, қиялы мен тілдік грамматикалық құрылымын жетілдіру, байланыстырып сөйлеуін дамыту.

Сонымен қатар баланың құзіреттілігін дамытатындай рөлдік-сюжеттік ойындарға үлкен мән берілуі тиіс. Ойын үстінде бала сұранысы мен тәрбиешінің тапсырыс-мәсімі өзара ұштасады.

Осы жылдық міндеттерді жүзеге асыру үшін, барлық педагогикалық іскерліктеріңізбен шеберліктеріңізді көрсетесіздер деп ойлаймын. Жаңа оқу жылында жаңаша табыстарға жетулеріңізге тілектеспін. Биылғы оқу жылын толық бала санымен бастамақшымыз. Әр топ 25 баладан, балабақша бойынша 75 бала қабылданды.

Екінші мәселе бойынша биылғы жазғы сауықтыру-шынықтыру шаралары ойдағыдай жүргізілді. Жоспарланған жоспар бойынша, іс-шаралар, мерекелік шара, ұйымдастырылған оқу қызметі жүйелі жүргізілді. Балаларға жеміс-жидектер, шырындар, уақытылы беріліп, таза ауада іс-шаралары жүргізілді.

Жазғы-сауықтыру шынықтыру жұмыстарын үш топ толықтай тапсырды.

3. Қазақстан Республикасы үкіметінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 қаулысымен бекітілген «мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандарты және Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігінің №557 бұйрығына енген өзгерістер мен оқу үлгілік бағдарламасы бойынша 2021-2022 оқу жылына арналған оқу-тәрбие жұмысының жоспары мен күн тәртібі, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесін бекітті. Қ. Т. Исаева барлық топтар жаңа оқу жылына дайын болуына ескертті. Үш топтың перспективалық жоспары, оқу кестесі, күн тәртібі бекітілді. Көрнекі құралдардың талапқа сай А3 форматта балаларға таратылды. қызықты болуы, қанық түсте болу керектігін ескертіп айтты.

Пікір айтушылар

Тәрбиеші: К. Ұ. Шаштыбаева

Бүгінгі педагогикалық кеңесте айтылған мәселелермен толықтай келісеін, Үлгілік оқу бағдарламасын басшылыққа алып жұмыс жасайтын боламыз.

Қаулы:

1. Оқу тәрбие жұмыстары стандарт талаптарына сай әзірленсін және методикалық талапқа сай жүргізілсін.

2. Жылдық міндеттеме мақсатына жету жолында әр тәрбиеші өз іскерлігімен, шеберлігімен талапқа сай әрекет етсін, өзіне жүктелген міндетті уақытылы атқарсын.

Кенес төрайымы:



Handwritten signature

Қ.Т.Исаева

А.А.Амангожина

Педагогикалық кеңес

Хаттама №2

Күні: 22.10.2021 ж

Қатысқаны: 8

Қатыспағаны: 1

Күн тәртібінде

1. №1 педагогикалық кеңестің шешімі
2. Мектепке дейінгі ұйым мен отбасы арасындағы қарым-қатынастың тиімділігі. Баяндама
3. «Жас ерекшеліктеріне байланысты бағдарлама мазмұны мен мақсатын іске асыру бойынша балалардың күзiреттілігі, бастапқы мониторинг қорытындысы»
4. Ата-аналармен жұмыс жоспарының мазмұны.

Тыңдалды

1. Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Г.Ж.Бекмурзина сөз алып бірінші педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуын талқылады. Бірінші педагогикалық кеңес бойынша барлық тапсырмалар, өз уақытында орындалды.
2. Мектепке дейінгі ұйым мен отбасы арасындағы қарым-қатынастың тиімділігі. Баяндама. Тәрбиеші: К. Ұ. Шаштыбаева

Тыңдалды:

Отбасы – бұл баланың өмір сүру ортасы, яғни қамқорлықтың тұрақты көзі. Тәрбиелеу мен қарапайым біліммен қаруландыру және шешім қабылдай білуге үйрететін ең жақын адамдардың мейірім шуағын сезетін орта. Осы орайда бала білім нәрімен сусындайтын алтын ұясының алатын орны бөлек. Біріншеден бала уақытының көп бөлігін балабақшада өткізеді, тәрбиешілермен, ұстаздарынан дәріс үйренеді, демек, отбасы мен балабақша арасындағы қарым-қатынастың алар рөлінің қаншалықты маңызды екенін осыған қарап топшалауға болады. Балабақша ұжымы ата-аналарды ұйымдастырып, балаларды балабақшадағы өмірінің тәрбиесіне белсене қатысуларына арналған іс-шаралар жие өткізіп тұрамыз. Оған сауықтыру кештері, ертеңгіліктер, тренингтер, сауалнамалар жатады. Осындай

отырыстар арқылы ата-аналар бір-бірімен жақынарақ танысып, ортақ өзекті мәселелерді бірге шешуге тырысады.

3. «Жас ерекшеліктеріне байланысты бағдарлама мазмұны мен мақсатын іске асыру бойынша балалардың күзiреттiлiгi, бастапқы мониторинг қорытындысы» бойынша мониторинг талқыланды. Төменгі деңгейлі балалармен қосымша жұмыстар жасау туралы тапсырма берiлдi.

4. Ата-аналармен жұмыс жоспарының мазмұны

Ата-аналармен педагогикалық кеңестер (оқу жылында бiр кеңестi арнауға болады)

- тақырыптық кеңестер (оқу жылында 3-4 рет және осынша жалпы түрде)

жиналыстар

- Дөңгелек үстелдер

- Ата-аналарға арналған конференцияларды арнап жұмыс жоспарының мазмұның ұйымдастыруға болады. Осыған орай ата-аналар жұмыс жоспары бойынша жұмыстарыңызды толықтырып жұмыс жасаңыздар

Пiкiр айтушылар

Тәрбиешi

Ортаңғы топ тәрбиешiсi А.А. Амангожина

Әрiптесiм Шаштыбаева Клраның оқыған баяндамасы ұнады, мазмұны балалардың жас ерекшелiктерiне сай. балабақша мен отбасы арасындағы қарым-қатынастың тиiмдiлiгi ашық қамтылған. Ата-аналар жұмыс жоспары бойынша жұмыстар жүргiзiлiп жатыр, әлiде қосымша iзденемiз

Ересек топ тәрбиешiсi Г.Қ. Қошашова

Әрiптесiм Клара апайдың баяндамасы ұнады. Әрине бiздер ата-аналармен жақсы қарым-қатынаста болуымыз керек. Сол себептi ата-аналарымызды балабақша өмiрiне көп араластыруымыз керек. Маған баяндама мазмұны ұнады. Төмен деңгейлi балалармен жұмыс жүргiзiп жатырмыз.

Балабақша меңгерушiсi: Г.Ж. Бекмурзина

Бүгiнгi Шаштыбаева Клара Ұлықпақызының баяндамасы жүйелi жазылған. Отбасы мен балабақша арасындағы қарым-қатынас әрқашанда

тығыз байланыста болуы керек. Мониторинг бойынша балалармен жұмысты күшейтіңіздер, балалармен әрдайым жұмыстар жасалу керек.

Қаулы

1. №1 Педагогикалық кеңестің шешімдері орындалсын.
2. «Айгөлек» кіші тобының тәрбиешісі Шаштыбаева Клараның баяндамасы қанағаттанарлық деп бағалансын.
3. Жас ерекшеліктеріне байланысты бағдарлама мазмұны мен мақсатын іске асыру бойынша балалардың құзіреттілігі, бастапқы мониторинг қорытындысы бойынша балалармен жұмыс жүргізілсін.
4. Ата-аналармен жұмыс жоспарының мазмұны бойынша жұмыстар жүргізілсін.

Жиналыс төрайымы:  Г.Ж.Бекмурзина

Хатшы:  А.А.Амангожина



Педагогикалық кеңес

Хаттама №3

Күні: 14.01.2022ж

Қатысқаны: 7

Қатыспағаны: 1

Күн тәртібінде

1. №2 педагогикалық кеңестің шешімі

2. Балабақшада инновациялық технологияларды қолдану инновациялық технологиялардың түрлерін қалыптастыру. Баяндама. Тәрбиеші. Г.Қ. Қоқашова

3. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметін талқылау.

Тыңдалды

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Г.Ж. Бекмурзина сөз алып екінші педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуын талқылады.

Екінші педагогикалық кеңес бойынша барлық тапсырмалар, өз уақытында орындалды.

Балабақшада инновациялық технологияларды қолдану инновациялық технологиялардың түрлерін қалыптастыру. Баяндама. Тәрбиеші. Г.Қ. Қоқашова

Мақсаты: Инновациялық технологиялардың түрлерін қарастыруды ұйымдастыруды үйрету. Мектепке дейінгі мекемелерде инновациялық технологиялардың қолданудың тиімділігін көрсетуді үйрету

Тыңдалды: қазіргі заманға алға қойылып отырған маңызды мәселелердің бірі, рухани ізденісі мол жас ұрпақ тәрбиелеу. Білім берудің алғашқы деңгейі балабақшадан басталады. Балабақша балаға жан-жақты білімді тәрбиені беретін, ақыл-ойын дамытатын, өызығушылығын оятатын баланың екінші отбасы. тәрбиенің нәтижесі отбасы мен балабақшаға тығыз байланысты болса ғана мағыналы болып, жан-жақты дамыған ұрпақ тәрбиелей аламыз. Осының негізінде біз тек баланы ғана емес, ата-ананы да жұмыстандырып, бірге тәрбиелеуіміз қажет. Қазіргі білім беру үрдісі өзгерді, саналы білім беруде жаңа көзқарастар пайда болды.

3. Үшінші мәселе бойынша «Таным» білім беру саласы бойынша Амангожина Асемнің ҰОҚ жаратылыстану, тақырыбы: «Үй және дала жануарлары» тақырыбында ұоқ өткізілді.

Мақсаты: Үй жануарлары мен жабайы жануарлар туралы түсініктерін кеңейту. Тіршілік ету ортасы туралы түсінік беру. Жабайы және үй жануарларына жырата білуге үйрету. Балалардың ой өрісін, танымның эмоциялық

сезімдерін, көріп есте сақтау қабілеттерін дамыту. Сөздік қорларын байытып, сөйлей білуге баулу. Қамқорлыққа тәрбиелеу.

Пікір айтушылар:

Ересек тобының тәрбиешісі: Шаштыбаева Клара Ұлықпақызы

Әріптесім Қоқашова Гүлайымның баяндамасы тыңдалды. Жақсы жазылған. Инновациялық технологияларды қолдану өте тиімді, себебі баламен жұмыс, жауапкершілікті, талап етеді. Сондықтан көштен қалмай ілгері жүруіміз керек. Баяндама жақсы жазылған жаңа технологияларды ашық айтыпты, маған ұнады.

Амангожина Асемнің ұоқ-іжақсы ұйымдасиырылды. тәрбиеші мен балалар арасында байланыс бар. Жыл мезгілі, ай аттарын атапайтып тұр. Сұрақтарға толық жауап берді балалары.

Ортаңғы топ тәрбиешісі: Амангожина Асем

Қоқашова Гүлайымның бүгінгі баяндамасы жақсы жазылған. Мектепке дейінгі білім беру саласына инновациялық технологияларды еңгізу маңызды.

Балабақша меңгерушісі: Г. Ж. Бекмурзина

Бүгінгі баяндама жүйелі жазылған. Жаңа технологияларды қолдану арқылы балалармен жұмыс ілгері басады. Тақырыпты аша білдің.

Амангожина Асемнің ашық қаралымы жоспары жүйелі құрылған. Көрнекіліктері талапқа сай дайындалған. 4к моделі бойынша жүргізілді. Балалар үні тыңдалды. Жұмбақтардың шешуін таба білді. дидактикалық ойындарды қызығушылықпен ойнай білді. дегенменде тәрбишіге әлі де ізденіс керек. ойындарды ойнату кезінде балалар тыс қалмау керек, әр балаға назар аудару керек.

Ортаңғы топ тәрбиешісі: Дүзбаева Тұрсынай

Амангожина асемнің ашық ұоқ-іжақсы ұйымдастырылды. Балалар қызығушылықпен қатысты. Жануарларды ажыратып, қимыл-қозғалыстарын біліп, топтастырды.

Қаулы.

1. №2 педагогикалық кеңестің шешімі орындалсын.

2. Тәрбиеші Г. Қ. Қоқашованың баяндамасы қанағаттанарлық деп бағалансын.

3. Тәрбиеші А. А. Амангожинаның ұоқ қанағаттанарлық деп бағалансын.



Кеңес төрайымы:

Г. Ж. Бекмурзина
А. А. Амангожина

Г. Ж. Бекмурзина

А. А. Амангожина

Педагогикалық кеңес

Хаттама №4

Күні: 25.03.2022ж

Қатысқаны: 6

Қатыспағаны: 2

Күн тәртібінде

1. №3 педагогикалық кеңестің шешімі
2. Балабақшада бала тілін дамытудың тиімді жолдары. Сөздік қорды дамытудағы тілдік жаттығулардың маңызы.

Тәрбиеші: Ж.Р. Берденова

3. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметін талқылау.

Тыңдалды

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Г.Ж. Бекмурзина сөз алып үшінші педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуын талқылады. Үшінші педагогикалық кеңес бойынша барлық тапсырмалар, өз уақытында орындалды.

Балабақшада бала тілін дамытудың тиімді жолдары. Сөздік қорды дамытудағы тілдік жаттығулардың маңызы.

Мақсаты: балалардың сөздік қорларын, тілдерін дамытуда, түрлі әдіс – тәсілдерді пайдалана білуді үйрету. Түрлі ойындарды пайдалану арқылы сөздік қорларын молайту. Бала тілін дамыту жұмысының негізгі мазмұны – сөздің жалпақ ұғым беретін жағын меңгертуге көңіл бөліп, ойлау қабілеттерін дамыту, өз ойын еркін жеткізуін, қоршаған ортамен айналадағы адамдармен еркін қарым-қатынасқа түсу, сөйлеу қабілеттерін қалыптастыру. Жас жеткіншектерді баулап тәрбиелеуде көркем әдебиеттің рөлі ұшан-теңіз. Мектеп жасна дейінгі бүлдіршіндерді өздерінің бойына шақ әдеби мұралармен сусындатып тәрбиелеу педагогтардың алдындағы міндеті.

Бала тілін зерттеп, қай дыбсты айта алмайтынын анықтау.

-Артикуляциялық апаратты дайындау кезеңі.

-Сөзсөйлем, өлең жұмбақ, жаңылтпаштарды айтқызып, дыбыстарды үйрету.

Үшінші мәселе бойынша тәрбиеші Дүзбаева Тұрсынай

«Қатынас»білім беру саласы

Сөйлеуді дамыту

Тақырыбы:Үй құстары

Мақсаты:Үй құстары және олардың балапандарымен таныстыру,үй құстары жайлы түсінік қалыптастыру.Триз технологиясы бойынша қиялын дамыту,ойын арқылы сөздік қорларын молайту.Үй құстарына қамқор болуға,оларды күте білуге,құстарға қорғауға тәрбиелеу.

Тәрбиеші:Қоқашова Гүлайым

Білім беру саласы:Таным

ҰОҚ:Жаратылыстану

Тақырыбы: «Қыстайтын құстар және жыл құстары»

Мақсаты:Жыл құстарының қыс мезгіліндегі тіршілігіндегі өзгерістер туралы түсініктерін бекіту ,құстарды бір-бірімен ажыратып атау,сыртқы келбетіне қарап қай құс екенін айта білу,тіршілік ету айырмашылықтарын білуде тиянақтау,құстардың қыс мезгілінде табиға жағдайлардағы тіршілігі туралы түсініктерін кеңейту.Қолдың ұсақ моторикасын дамыту,құстарға қамқор көрсетуге тәрбиелеу.

Тәрбиеші:Амангожина Асем

Білім беру саласы: «Қатынас»

ҰОҚ:Сөйлеуді дамыту

Тақырыбы:Көліктер

Мақсаты:Көліктердің түрлерімен танысыстыру.Көліктердің қызметі жайында түсінік беру.Адам өмірі мен еңбегінің жеңілдететін көліктің маңызынбілуге үйрету.Жол жүру ережелерімен таныстыруды жалғастыру.Көлік жүргізушілер еңбегін бағалауға тәрбиелеу.

Пікір айтушылар:

Балбөбек ортаңғы топ тәрбиешісі Дүзбаева Тұрсынай

Әріптесім Берденова Жансаяның баяндамасын тыңдадым.Бала тілін дамытудың тиімді жолдары туралы жазған мақсаты анық,баяндама маған ұнады.

Әріптесім Қоқашова Гүлайымның ұоқ-і жақсы ұйымдастырылды.балалар көлік түрлерін ажыратып,екі тілде атап отырды.Дайындығы көрініп тұр

Айгөлек кіші тобының тәрбиешісі Ембергенова Аида

Берденова Жансаяның баяндамасы тыңдалды.Анық жазылған.Түрлі ойындарды,жұмбақ,мақал-мәтелдерді қолдану арқылы балалардың ауыз екі сөйлеуін дамытады.Сөздік қорларын молайту үшін тілге байланысты жаттығулар қосуға болатын еді.жалпы баяндама ұнады.

Әріптесім Дүзбаева Тұрсынайдың ұоқ-і ұнады.мақсатына жетті деп ойлаймын. Балалар қызығушылық танытты.

Балабақша меңгерушісі:Г.Ж.Бекмурзина

Тәрбиеші Берденова Жансаяныңбаяндамасы тыңдалды.Бала тілін дамыту,ол сіздердің алдарына қоятын бірінші мәселелерін.Баланы ойнату арқылы тілін дамытып,сөздік қорларын молайтуларын қажет.Баяндамада өз тәжірибесінен жазылған мысалдар көп болса деген пікір айтар едім.Із тобында бала тілін дамытуда қандай жұмыстар жүргізіп жатырсын,соларды қосу керек.Бала тілін дамытуда қандай қиыншылықтарға жолықтың,оны қалай шештің,сол туралы жазылу керек еді.

Екінші Дүзбаева Тұрсынайдың ұоқ-і жақсы ұйымдастырылды.Тәрбиеші мақсатына жетті.Үй құстары туралыжұмбақтар,қалай дыбысталуы,анасын тап ойыны балалардың қызығушылықтарын арттырды.балалардың тәртібімен жұмыс жасау керек.Қорытынды ойыны ұнады.Балалар қызығушылық танытты.Көрнекіліктері талапқа сай.

Тәрбиеші Амангожина Асемнің ұоқ жақсы ұйымдастырылды.Тәрбиеші м ақсатына жетті.Көліктер туралы толық мағлұмат бере білді.

Қаулы:

- 1.№3 педагогикалық кеңестің шешімі қорытындылансын.
- 2.Тәрбиеші:Ж.Р.Берденованың баяндамасы қанағаттанарлық деп бағалансын.
- 3.Тәрбиеші Т.С.Дүзбаеваның мен А.А.Амангожинаның ұоқ қанағаттанарлық деп бағалансын.

Кенес төрайымы:

Г.Ж.Бекмурзина

Г.Ж.Бекмурзина

Хатшы

А.А.Амангожина

А.А.Амангожина



Педагогикалық кеңес

Хаттама №5

Күні: 31.05.2022ж

Қатысқаны: 6

Қатыспағаны: 2

Күн тәртібінде

1. №4 педагогикалық кеңестің шешімі

2. 2021-2022 оқу жылының қорытындысы. Оқу жылы бойынша тәрбиешілердің есебі. Жылдық жоспардың орындалуы туралы мониторинг.

3. Жазғы сауықтыру-шынықтыру жоспарларын бекіту.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Г.Ж.Бекмурзина сөз алып төртінші педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуын талқылады. Төртінші педагогикалық кеңес бойынша барлық тапсырмалар, өз уақытында орындалды.

2. 2021-2022 оқу жылының қорытындысы. Оқу жылы бойынша тәрбиешілердің есебі. Жылдық жоспардың орындалуы туралы мониторинг жүргізілді. Балабақша оқу-тәрбие жұмысына байланысты тәрбиешілердің бір жылғы жұмыстары мен жүргізілген іс-шаралары қорытындыланып есебі алынды. Әр топ тәрбиешілері жыл бойы өткізген жұмыстары бойынша есеп беріп, атқарған жұмыстары бойынша тоқталды. Жылдық есептері тапсырылды. Топтардың ата-аналармен жұмыс жоспарлары қорытындыланды. Жыл бойы ата-аналармен өткізілген жұмыстарға тоқталды, оның пайдасы мен тиімділігі талқыланып, алдағы оқу жылына жаңа мақсаттарды қойды.

Топтардағы ертеңгіліктер, тәрбие сағаттары, ашық қаралымдар барлығы жоспар бойынша орындалды. Рухани жаңғыру бағдарламасын жүзеге асыру жоспарында жоспар бойынша өткізіліп қорытындыланды. Мектеппен сабақтасты, басқа да мекемелермен сабақтастық, жоспарға сай орындалып, жұмыстары тапсырылды. Балалардың біліктері мен бақылау мақсатында мониторинг жүргізіліп, балалардың қабілеттері мен деңгейлеріне

сай бағаланып, бастапқы, аралық, қорытынды мониторинг жүргізілді. Балалардың жеке даму карталары толтырылды. Төмен деңгейдегі балалармен жұмыс жасау тапсырылды тәрбиешілерге.

3. Үшінші мәселе бойынша жазғы сауықтыру-шынықтыру жоспарлары тексеріліп үш топтың жоспарлары бекітілді.

Пікір айтушылар

Балабақша бойынша 2021-2022 оқу жылына жоспарланған жұмыстар жоспарға сай өткізілді. Бүгінгі есептеріңізді тыңдап шықтым, барлық жұмыс жоспарға сай ұйымдастырылды. Жазғы сауықтыру-шынықтыру жоспары бойынша жоспарлар бекітілді. Үш ай бойы осы жоспармен жұмыс жасайсыздар, сауықтыру шаралары балалардың жас ерекшеліктеріне сай ұйымдастырылсын. Қауіпсіздік ережелері қатаң түрде сақталсын. Міндетті түрде медбикенің қатысуымен бірге ұйымдастырылсын. Балалардың өміріне, денсаулығына, өсіп дамуына тікелей сендер, яғни тәрбиешілер жауапты, сондықтан жұмысқа жауапкершілікпен қараңыздар. Жұмыстарыңызға сәттілік пен аброй тілеймін.

Қаулы

1. №4 педагогикалық кеңестің шешімі қорытындылансын.

2. 2021-2022 оқу жылының жылдық жоспары бойынша жасалған жұмыстары қанағаттанарлық деп бағалансын.

3. Жазғы сауықтыру-шынықтыру жұмыстары талапқа сай уақытылы ұйымдастырылсын.



Кенес төрайымы:

Г.Ж. Бекмурзина

Г.Ж. Бекмурзина

А.А. Амангожина

А.А. Амангожина